

ШЫҒЫН –
фармакоэкономикалық
категория ретінде

- **Фармакоэкономика** – адамдар, компаниялар мен нарықтардың фармацевтикалық өнімдерді қолдану тәртібін, осы заттарды қолдану кезінде бөлінген қаражат нәтижесі тұрғысынан алғанда, бағалау мәні болып табылатын фармацевтикалық экономиканың бөлігі.

Емдеудің экономикалық жағын жан-жақты бағалау үшін шығындардың әртүрлі категорияларын қолданады.

- Тікелей медициналық емес шығындар – науқасты емдеуге байланысты әртүрлі қосымша үстеме шығындар, науқастың емдем, санитарлық емес көмекпен тасымалдау құны, науқасты күту шығындары.

- Тікелей медициналық шығындарға дәрі-дәрмекпен емдеу, зертханалық және аспаптық тексеру, дәрігерлер мен медицина қызметкерлері құрамының жұмысына еңбекақы төлемін жүргізу үшін жұмсалатын шығындар, пациенттің емдеу мекемесінде болуына байланысты шығындар, сондай-ақ негізгі емнің жанама әсерін емдеу құны кіреді.

- Тікелей емес шығындар – пациенттің немесе науқасты күтуге мәжбүр болған оның туыстарының еңбекке жарамсыз болуына байланысты шығындар. Бұл ең алдымен науқастың және (немесе) оны күтетін адамдардың еңбекке жарамсыз кезінде еңбекақысын толық алмауымен көрінеді. Өндіріс барысына қатыса алмау осы адамдар жұмыс істейтін кәсіпорынның, сондай-ақ жалпы қоғамның (салық төлемінің азаюынан) кірісті түгел алмауына әкеп соғады.

- Материалдық емес шығындар – пациенттің оның өз әсер ететін факторларды (физикалық, психикалық, әлеуметтік және эмоциялы жағдай) өз тұрғысынан түсінуі. Шығындардың бұл түрі соның өлшеу мүмкін болмағандықтан іс жүзінде қолданылмайды.

- Емдеудің жалпы құны әртүрлі объективтік және субъективтік факторлар әсерінен өзгеруі мүмкін (1.4.-сур.). Ең алдымен бұл-пациент мінездемесі (жынысы, жасы), ауру кезеңі және ауырлық дәрежесі, қосарланған паталогия. Емдеу әдісін таңдауда жүргізілетін емнің бағасына әсер етеді: консервативтік әдіс, яғни операциясыз емдеу барысы қаражатты үнемдейді, ал агрессивті-сөзсіз шығынды ұлғайтады

1.4.-сур. Емдеу құнына әсер ететін факторлар



- Шығындардың өсуіне жүргізілетін емнің жанама әсерлерін-дәрінің жағымсыз реакцияларын терапиялық түзету қажеттігі себеп болады. Емдеу құнына дәрігердің емдеу әдісі мен үлгісін таңдауы да әсер етеді, бұл ауруды диагностикалау мен емдеу жетістігін анықтайды.

- Фармакоэкономикалық зерттеулердің нәтижелерін денсаулық сақтау мекемелері мен ұйымдарының қолдануы науқастың госпитальға жату мерзімін қысқартатын және оның шығын аз жұмсалатын амбулаториялық емдеуге өтуін жылдамдататын жаңа, жоғары тиімді технологияларды қолдану есебінен шығындарды оңтайландыруға мүмкіндік береді.